

Алтын ұя - Үрпегім!

Сөйтсе, Есеттің күшіне шыдамаған Мансарының ерінің тартпасы, айылымен қоса үзіліп кетіпті. Содан сөзге тоқтаған Мансары халқын ертіп еліне көшсе керек. Қарақалпақтардың қазақ жерінен көшіп кетуіне Әбілқайыр ханның да әсері көп болыпты.

Сол қарақалпақтан қалған сөзді өзіне атау еткен біздің ауыл Үрпек болып бүгінге дейін келе жатыр. Үрпекте туып, Үрпекте өскендердің алдына төрт жүз жылдан астам уақыт өткені белгілі. Үрпек-Торғай өзенінің батыс жақ бетінде, жердің өтінде тұрған ауыл. Үрпектің қарсы бетін ел ық беті деп атап, көбісі сол Торғай өзенінің ық жақ бетін мекендеген. Ал, Үрпек жел бетте болса да жыл санап өсіп жатқан, қанатын кеңге жайып жатқан ауыл. Үрпек ауылы көлемінің ауылдық деңгейде болғанына қарамастан өте көп тарихи оқиғаларды басынан кешкен, көбісінде елге пана бола білген ауыл. Бір ғажайып сол кездері Ағаштыкөл, Қарашатаба, Шапай, Төрткөң, Сорқұлақ, Күлік, Аққисі, Рахмет елді мекендерінде ел болған. Үрпекпен тең келетіндей үйлері бар осы ауылдардың қай-қайсысы да одан аса алмады. Ағаштыкөл, Жаңауыл Комсомол, Куй-бішев ұжымдық шаруашылықтары біріктіріліп Иманов атындағы ұжымшар болғанда орталығы Үрпек болды. Ал, Иманов атындағы кеңестік шаруашылық орнағанда Үрпек тағы сол шаруашылықтың орталығы болып белгіленді. Үрпек ауылында мешіт үйі болып қызмет атқарған қызыл кірпіштен салынған ғимаратқа 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің штабы орналасқан. Аудан көлемінде үш ауылда ғана жетікылдық мектеп болса, соның бірі осы Үрпек ауылында болып, Жаңауыл жетікылдық мектебі деп аталды.

1917 жылдың ақпан айында Түргеневтің жазалаушы отрядымен көтерілісшілердің ақтық айқасы осы Үрпек маңында, Доғалда өтеді. Доғал, Үрпек шайқасында Ұлт-азаттық көтерілісінің сарбаздары жеңіске жетіп, олардың күресі Ұлы Октябрь социалистік көтерілісіне жалғасып кетеді. Патша өкіметінің жазалаушы отрядтарына дес бермей күресе білген Имановтың сарбаздарының рухтануына, олардың жеңіліс таппай өткізген көтерілісіне Үрпек топырағының қасиеті шапағатын ынтызған шығар деп ойлаймыз.

Үрпек деген сөз арабтарда да бар екен. Олардың ұғымында Үрпек сөзі әулие дегенді білдіреді екен. Соны ойлаған-

да Үрпек сол ауылға игілік әкелген, береке-ырыс сыйлаған, тұрғындарының ауыздары асқа жарып, өсіп-өнген ел болуына шарапатын тигізген ғой. Үрпектің әулие деген аты бүгінге дейін елдің қорғаны болып, жұртына жақсылық жасап келеді. Содан біз Үрпек ауылына берекелі, ынтымағы жарасқан ауыл деп санаймыз.

Үрпек өзін мекендеген ел-жұртқа өте қолайлы жерге орналасқан. Іргесіндегі тоғай ауыл адамдарын отын-шөппен қамтамасыз етіп келеді. Ал, Торғай өзені олардағы адамдар дастарханына балық өнімдерін беріп келеді. Балық тамағына қолы жетпей жатқан жерлер аз емес қой.

Үрпек ауылын орталығы деп тіршілік еткен Жаңа-ауыл колхозы да, кейінгі іріленген Иманов атындағы ұжымшарда мал шаруашылығын өркендетуде жоғары жетістіктерге қолы жеткенін ел күні бүгінге дейін ұмыта қойған жоқ. 1948 жылы Аманкелді ауданынан 14 адам «Социалистік Еңбек Ері» атанса, соның бесеуі осы Иманов атындағы колхоздың адамдары болатын. Олар: Байділда Омаров, Намазбай Әмзин, Біралі Қожабаев, Мырзағали Алтынбаев, Қалмағанбет Жансапақов.

Әуелі Жаңауыл, кейінде Иманов атындағы ұжымшар болған шаруашылықтың орталығы Үрпектің адамдары сол кеңшарда жылқы баққан Үсен Саржанұлының мынадай әңгімесін естіген болар.

Колхозда үш жүздей жылқы болса керек. Соның бәрін жанындағы Ахметше деген кісімен Үсен әкей екеуі бағыпты. Үйіріндегі отызға жуық биесі бар Шұбар айғыр үйірдегі барлық жылқыны қым бойы сол жылқышылармен бірге бағысып, ит-құсқа бірде бір малды шығындатпайды екен. Кейде тұмсығы, кейде аяқтары бөрілердің тісінен жараланып, қан жоса болып жүретін болыпты. Қыстың күнінде де, түнінде де жылқыларды сыртынан торып жүреді екен. Кейбір бөлек жайылып, табыннан алыстап кететін жылқыларды қуып әкеліп, үйірге қосатынын жылқышылар көріп жүріпті. Шұбар айғыр көктем шыға Бесқопадағы қыстақтың жанына келіп, кісіней береді екен. Оны жылқышылар түсініп ойға, Үрпекке жылқыны әкелуге асығатын болыпты. Қостарын жытып, арбаларын жөндеп іле ойға, колхоздың орталығына, Үрпекке келеді. Келгеннен кейін бір жеті өткенде биелер қулындай бастайтын болыпты. Соны Шұбар айғыр білдіріп тұрады екен. Ал, күзде ойдағы жайлауынан

Бесқопаға қарай беттеп, кейде бүкіл жылқыны солай қарай ертіп кетіп бара жататынын білген. Содан жылқышылар іле қысқы жақтықтарын дайындап алып, Бесқопа жаққа кетеді екен. Барғаннан кейін оншақты күн өткенде қар түсіп, күн суыта бастайтын болыпты. Соның бәрін Шұбар айғыр біліп, қашан қайда бару керектігін білдіріп отырыпты. Сол Шұбар айғырдан тараған тұқым, одан өскен жылқылар, қызыл шұбар, көк шұбар, қара шұбар болып елге тараған. Тұқымы ірі, күшті, желісті болатын. Күйін бермейтін, төзімді болса керек. Тез оңала алағын қасиеттері бар сол жылқының тұқымы 1970 жылдарға дейін елде болды. Бүгіндері көре алмай жүрміз. Сол Шұбар айғырдың қартайған шағында колхозшыларға еңбек күн есебін алып соғымға сойындар деген басшыларға ел адамдары: «Шұбар айғыр қасиетті мал, оны сою, болмаса оның етін жеуден қорқамыз. Не болса да, ол өз бетінше өлсін. Сосын оны жерге көміп, ит-құсқа жем болмайтындай жағдай жасайық» депті. Солай болыпты да. Сол бір жылқының бойына біткен қасиет Үрпектің топырағынан берілген ерекшелік пе деп қаласың.

1990 жылдардан бастап шаруашылықтар ыдырай бастаған кезде ел көше бастады да Қайнар, Жылынтау, Жанкелдин, Шөптікөл сияқты ұжымшарлар ең далаға айналды. Сол жерлердегі жұрт тым-тырақай көшіп кетті. Ал, Үрпектегі ел адамдары Торғай өзенінің жағалауларындағы егіске қолайлы жерлерді жыртып, өңделген жерге картоп екті. Өнімін өздері де пайдаланды, өзгеге де сатып отырды. Ал, көмір тапшылығын олар талмен жауып, іргедегі тоғайдың игілігін көрді. Малына шөп, үйіне отын, қазанына ас табылған ел Үрпектен қозғалмай отыра береді. Елдегі қолында мүмкіндігі бар азаматтар дүкен ашып, киім-кешек, тамақ өнімдерін әкеліп сатып жатты. Картоп етіп, оны Арқалық, Аманкелді жұртшылығына өткізуден Үрпек ауылының берекесі кіріп, сол бір қиын кезеңдегі таршылыққа ұрынған жоқ. Әрине, бәріне бірдей жағдай жасалып, молшылық бола қалды дегеннен аулақпыз. Дегенмен де ел адамдары төзе білді. Қолдан келетін істі өзінің игілігіне жұмсай алды. «Тарта жесе тай артылады» дегендейін не нәрсеге де шүкіршілік жасап отырды. Сөйтіп, іргесі бөлінбеген елдердің бірі де берегейі осы Үрпек ауылының тұрғындары болды.

Бүгіндері бұл ауылдың бейнесі басқаша күй кешіп, заманауи талаптарға сәйкес келетін тіршілік көздері пайдаланылуда. Ауылда электр жарығы тұрақты болғандықтан тұрмыстық жағдайдың көбі осы игілікке негізделген. Көбісі үй-

лерінің іші сыртқы осы кездің құрылыс материалдарымен жөндеп алып, көрген жанның көңілі толарлық жағдайға келіп алған.

Билік сол ауылға су құбыры тартылып жатыр. Әрбір отбасы соның жақсылығын көруге асыға кіріскен сыңайлы. Ауыл адамдары суды үйлеріне кіргізіп алу мәселесін шешуде. Бұл дегенің үлкен байлық, жақсы тіршілік қой. Ауданмен арадағы жол жөндеуді дегенді естіп жатырмыз. Олай болса қалаға кетіп, онда үйді жалдап алса да соның төлемін өтеуге қиналып жүрген жастарымыз мына Үрпектей ауылға келіп қоныстанса ештеңеден ұтылмайтыны анық. Мен, осы Үрпек ауылының күнбе-күнгі жақсылықтарын есті жүре қуанып отырамын. Өзімің Үрпек ауылында туып-өскеніме мақтанамын. Үрпек ауылы мақтап қана қоймай мақтан тұтуға тұрарлық ауылымыз, қасиетті қонысымыз. Үрпек, Үрпек болғалы еңсесі төмендеп көрмеген, кеудесін кере ашып, үнемі жүзі жарқын, келешегі мол болған ауыл. Оның жерінде туып, топырағын басып жүрген, сол ауылда қоныстанған көпшілік мақсаттарына жетіп, ойлаған істерін жүзеге асыра білген жандар. Соны білген ол елдің адамдары ата қонысымыз Үрпектен кетпей, тарыдай шанышмай, бірлігі жарасып, татулығы артып күн кешуде. Үлкендері кішіге үлгі бола білген бұл ауылдағы сол қалып, сол әдет ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Ал, кішінің үлкенге деген құрметі күн өткен сайын кемелденіп, бүгінгі күн талабына сай өрбіп келеді.

Ауыл-біздің өскен, ержетіп, елдің қызметіне жарағанға дейінгі тіршілік еткен жеріміз. Қайда жүрсек те, қандай жұмыста болсақ та ауыл есімізден кеткен емес. Үнемі аңсап жүретініміз. Бара қалсақ, көрген жақсы істеріне көңіліміз толып марқайып қаламыз. Соңғы жылдары ауылымыз көркейіп, тұрғындарына жасалып жатқан жақсы жұмыстардың саны арта түсуде. Сол бізді қуантады. Сондай игі істердің көбіей беруін тілеп отырамыз. Елдің шаруасына араласып жүрген азаматтардың еңбектерінің жемісті болуына тілектестік көңілде жүрміз. Үрпек сонау патша өкіметінің өктемдігін, кешегі Кеңестер Одағының келтірген қиындықтарына мойымаған ауыл. Ал, бүгіндері қадамы нық, көрінер биігі зор болып келе жатқан Үрпек алда бүгінгіден де жақсы, бүгінгіден де келбетті ауыл боларына сенеміз. Солай болғай, ағайын!

Хамит ДОСЖАНОВ,
Қазақ ССР-нің
кәсіптік-техникалық
білім беру ісінің үздігі